



Шерер Николай Николаевич 1949 жылы 9 желтоқсанда Ресей Федерациясы Свердлов облысының Лебяжье ауылында дүниеге келген.

1977 жылы Целиноград ауыл шаруашылық институтын бітіргеннен кейін жолдамамен Денисов ауданының Перелески ауылына бас инженер болып келген. Николай Николаевич 1982 жылдан бастап 40 жыл бойы «Фрунзенское» ЖШС-нің тұрақты директоры болып табылады. Денисов ауданының ауыл шаруашылығындағы жалпы жұмыс өтілі 50 жылдан астам уақытты құрайды. Жұмыс істеген уақытында өзін білікті басшы, тәжірибелі ұйымдастырушы, кең ой-өрісті адам екенін көрсетті. Оны жағдайды нақты талдай білуі мен маңызды басымдықтарды таңдау қабілеті ерекшелендіреді. Барлық жерде жинақылық пен жауапкершілік көрсетіп, мемлекеттік мүдделерді барлығынан жоғары қояды.

Николай Николаевич әлеуметтік саланы дамытуға көп көңіл бөліп келеді. Оның тікелей қатысуымен Красноармейск ауылдық округінің аумағында округ ауылдарын газдандыру, 669 аула, 3 мектеп, аурухана, мәдениет үйі сияқты әлеуметтік маңызы бар жобалар іске асырылды. Стадион салынды, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету объектілері жұмыс істеп тұр.

Николай Николаевич ұзақ жылдар Денисов ауданы директорлар кеңесінің төрағасы болды. Өріптестер арасында беделі жоғары. Николай Николаевич аудан мен облыста жүзеге асырылатын көптеген әлеуметтік жобалардың демеушісі болды. Денисов ауылында жасанды жабыны бар спорт алаңын, облыс орталығында мешіт салу және тағы басқалар.

«Amanat» партиясының мүшесі бола отырып, Қазақстан Республикасының саяси қызметіне белсенді қатысады, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарына ие.

Николай Николаевич өзінің 51 жылдық еңбек жолында көптеген құрмет грамоталарына ие болды, мерейтойлық медальдармен марапатталды:

1984 жылы «Тыңға 30 жыл», 2004 жылы «Тыңға 50 жыл», 2008 жылы «Астананың 10 жылдығы», 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдары, 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасы, 2012 жылы «Құрмет» ордені, 2013 жылғы қарашада «Денисов ауданының Құрметті азаматы» атағы. 2020 жылы «Парасат» ордені.

2013 жылдан 2016 жылға дейін Қостанай облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды.

Қостанай облыстық мәслихатының 2022 жылғы 11 шілдедегі №197 шешімімен Николай Николаевич Шерерге «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.